

## Мемлекеттік қызмет паспорты

«Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің паспорты

1	Көрсетілетін қызметті беруші	БҚО әкімдігі
2	Көрсетілетін қызметті тұтынушылар	Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға көрсетіледі
3	Көрсетілетін қызметтің нысаны	Қағаз
4	Көрсетілетін қызметті ұсыну орны	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 45/1
5	Көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарының діни саласындағы функцияларды жүзеге асыратын тиісті құрылымдық бөлімшілеріне құжаттарды береді. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.
6	Қажетті құжаттар	<p>1) нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушы паспортының немесе жеке куәлігінің көшірмесі;</p> <p>3) діни бірлестік атынан миссионерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы бар діни бірлестік берген құжат;</p> <p>4) куәлік көшірмесі* немесе мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама және миссионер өкілі болып табылатын діни бірлестіктің жарғысының көшірмесі;</p> <p>Ескерту:* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының енгізілгенше дейін берілген заңды тұлғаларды (филиалдар мен өкілдіктерді) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) куәлігі заңды тұлғаның қызметі аяқталғанша жарамды болып табылады.</p> <p>5) миссионерлік қызметке арналған діни әдебиет, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдар, діни мақсаттағы заттар.</p> <p>Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасында миссионер ретінде тіркелу үшін қосымша мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <p>1) миссионер өкілдік етіп отырған діни бірлестіктің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша ресми тіркелгенін куәландыратын заңдастырылған немесе апостиль қойылған құжат;</p> <p>2) Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктің шақыру құжаты.</p> <p>Шет тіліндегі құжаттар қазақ және орыс тілдерінде аудармасының дұрыстығы Қазақстан Республикасында нотариалды куәландырылған және аударманы жүзеге асырған аудармашының қолының түпнұсқалығы Қазақстан Республикасында нотариалды куәландырылған түрінде ұсынылады.</p>
7	Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі	өтеусіз
8	Көрсетілетін қызметті көрсету мерзімі	құжаттар топтамасы тапсырылған сәттен бастап – күнтізбелік 30 (отыз) күн;
9	Көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі	миссионерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауап.
10	Нормативтік-құқықтық актілер	ҚР 2011 жылғы 11 қарашадағы «Діни бірлестіктер және діни қызметі туралы» заң
11	Қосымша ақпарат	Интернет ресурстарда <a href="http://www.din-zko.gov.kz">www.din-zko.gov.kz</a> «Мемлекеттік қызмет» бөлімінде

	телефон 24 3054.
--	------------------